


**Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім болімі
№4 «Балбөбек» бебекожай балабақшасы**

**«Өнерлі екен он саусақ» атты
ортанғы топ балаларына арналған
БАҒДАРЛАМА**



Алға, 2024 жыл

Сканировано с CamScanner

Ақтөбе облысының білім баскармасы
Алға ауданының білім бөлімінің эксперттік
кенесінде бекітілді.

Түсінік хат

Хаттама №1 02.09 2024 жыл
Н.Қ Уразгалиева Алға ауданының
білім бөлімінің әдіскери

Кұрастырган: Г. Б Бесайдарова №4 Балбебек бөбекшай
балабакшасының тәрбиешісі,
педагог- модератор

Пікір жазғандар: Т. Сержанова №4 Балбебек бөбекшай
балабакшасының тәрбиешісі педагог-сарапшы
Б. Демесинова №4 Балбебек бөбекшай
балабакшасының тәрбиешісі педагог-зерттеуші

Ұсынылған бағдарлама балабаша топтарының жас ерекшеліктеріне қарай
құрастырылған. Бағдарламадағы тапсырмалар триждік, дәстүрден тыс әдіс
арқылы баланың эстетикалық, шығармашылық кабілеттерін
калыптастыруға, ой-қиялышын, фантазиясын дамытуға, іздену белсенелігін
арттыруға бағытталған.

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол енбегі
бұлдіршін-дердің ен сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны
қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық
денгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген
қызығушылығын да арттырады. Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс
арқылы

-баланың	психикасына	(эмоционалдық	жағдайына);
-логикалық	ойлау		кабілеттіне;
-саусақ	моторикасының		дамуына;
-қағаз	бетіне	бағдарлай	білуді;
-көзбен	көріп,	молшерлей	білуді;
-эстетикалық	талғамының қалыптасуына зор ықпал	етеді.	

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің,
мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық
кабілеттерін шындауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз,
боямасыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында
тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық
жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет
салуды, мүсіндеуді, қол енбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет
өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың киялышын, ой-өрісін дамытады,
шығармашылықка жетелейді.

Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала
киялышына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау,
нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.
Шығармашылық жұмысымның өзектілігі: Бала киялышына ерік беру арқылы
оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы
тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

ПІКІР

«Өнерлі екен он саусак» бағдарламасы балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды колданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әнгімелей білуге үйретеді.

Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеді қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу кажет. Өнер кабылдау балада арнайы үйренуді кажет етеді. Осы бағдарлама арқылы сол жетістікке жетуге болады.

Ұсынылып отырған «Өнерлі екен он саусак» ортанғы тобына арналған арнаулы курс бағдарламасы балалардың іскерлік қабілеттерін дамытуға, эстетикалық талғамдарын арттыруға, бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншіліктерін оятуға тәрбиелейтін бірден бір себепші бағдарлама.

Ортанғы тобындағы балалардың осы бағдарлама арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оқып үйретудің сан алуан әдістері және ең алдымен балалар дербестігі, белсенділігі, өмір құбылысын көркемдік тұрғысынан кабылдауы көзделген. Оның негізіне әсемдікке эмоция білдіру жатады. Бала әрқашанда табигаттағы, заттық дүниедегі, өнердегі әсемдікке, адамдардың мейірбан сезіміне үн қосады. Мұның өзіне сәбидің басынан кешкен куанышының, талпынысының, толғанысының маңызы зор. Бұл бағдарлама балалардың жас ерекшелігіне сай, өте ықшам, әрі үлкен талғаммен жазылған.

«Өнерлі екен он саусак» бағдарламасы ортанғы тобына күрылған, аптасына 1 сағат. Барлық сағат саны-36.

Бағдарлама тақырыптары ашылған, мақсат-міндеттері қойылған.

Мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамының қалыптастыру.

Міндеттері:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін шындалап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машиқтандыру.

Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды менгерту. Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.


Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік касиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

p/c	Такырыбы	Міндеттері	Сағат саны
1	Ұшак.	Қағаздың түрлерімен таныстыру, қағаздан бұктеу әдісін түсіндіріп, дайындау.	1
2	Ұшак.	Қағаздың түрлерімен таныстыруды жалғастыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	1
3	Кемпіркосак.	Сурет салуға қызығушылығын арттыру, карындасты оң қолымен ұстауга үйрету, жаттықтыру.	1
4	Паравоз.	Мұсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс - тәсілдерін түсіндіру.	1
5	Балық.	Балаларга түрлі - түсті қағаздарды таныстыра отырып, үлгілерін баstryрып киу. Қағазben жұмыс жасау іскерлік дағдыларын қалыптастыру.	1
6	Балық.	Қағазben жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, дайын болған жұмыстарын әшекейлеуге үйрету.	1
7	Кайық.	Бұктеп жасай білуге үйрету. Қағазben жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру	1
8	Қашкарғұл.	Мұсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін арттыру Ермексаздан гүл жасау.	1
9	Арыстан.	Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін баstryрып жасау.	1
10	Табигат.	Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. Қынап алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту.	1
11	Үйрек.	Түзды қамырды ұқыпты пайдалана отырып, үйректік бейнесін жасау. Қол икемділіктерін арттыру.	1
12	Оригами. Бака	Бұктеу әдіс - тәсілдерді түсіндіру.	1
13	Бағдаршам.	Матаның сапасымен, тігіншілер еңбегімен таныстырып, еңбек туралы мақал - мәтелдер жаттату	1
14	Ит.	Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты болуға жетелуе.	1
15	Иттің ыдысы.	Мұсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс - тәсілдерін көрсету.	1
16	Мысық	Қағазben әртүрлі жұмыс дағдыларын жетілдіру.	1
17	Кірпінің отбасы.	Ермексазды алакан арасына және жазықтықта домалату арқылы кірпін мұсіндеуге үйрету.	1
18	Кой.	Балаларға қой бейнесін көрнекілікке көрсету және әр-түрлі әдістерді қолдана отырып, қойдын дene мүшелерін дұрыс салуды үйрету.	1

19	Қоян.	Түрлі бұктеу әдіс - тәсілдерін үйрету.	1
20	Тұнгі аспан.	Балаларды тұнгі аспан суретін ондағы жүлдиздарды салуды үйрету.	1
21	Арба.	Берілген пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастырып, арбаның бейнесін дұрыс жапсыруға үйрету.	1
22	Әжениң жіппері.	Балаларды ине - жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.	1
23	Торғай.	Балалардың ынта - ықыласын арттыру, көтерінкі көніл - күй туында ту. Торғайдын суретін салуға үйрету.	1
24	Пішіндер.	Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Түрлі пішіндерді мұсіндеу.	1
25	Әдемі гүл.	Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.	1
26	Бұл не?	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дәңгелек затты түрлі бағыттагы тұзу сызықтармен үйлестіріп салу.	1
27	Машина.	Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Дәңгелек затты түрлі бағыттагы тұзу сызықтармен үйлестіріп салу.	1
28	Сырмақ оюлар.	Балаларға қағаз бетіне қазақ халқының ұлттық оюларын салуды үйрету. Ой-өрістеріндамыту.	1
29	Қайықша.	Қайықшаны түрлі қағазben бұктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру.	1
30	Қонжық.	Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.	1
31	Көктем.	Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсырмалау.	1
32	Құстар.	Құстарға деген қамқорлық қезкарас тарын терендете отырып, құстардын суретін салуға қызығушылықтарын арттыру.	1
33	Жанбыр.	Жанбырдың суретін саусақ арқылы салу.	1
34	Шөптер.	Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.	1
35	Жайлай.	Балаларға жайлайудың бейнесін әртүрлі заттардан бейнелеп жасау.	1
36	Көрме.	Ата-аналармен көрме үйымдастыру	1
	Сағат саны		36

Күтілетін нәтиже:


- Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын мәнгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды.
- Шығармашылық қабілеттері шындалады.
- Жасаған жұмысы туралы айтып берे алады.



«Кірпінің отбасы» ермексаз



«Арыстан» жапсыру



«Ұшак» оригами



«Күшік» сурет салу

Колданылған әдебиеттер тізімі

1. Жалпы орта білім беретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының негізі
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.
3. Болатбаев Қ.Қ. Бейнелеу онеріне арналған дәптер.-Алматы. Атамұра 2000жыл.
4. Швайко Г.С. Балабақшады бейнелеу онері сабактары.-М.: Валдос.2000
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы» КР БФМ 2016 жылғы 12 тамыздагы № 499 бұйрығы.
6. Мектепке дейінгі білім-тәрбие әдістемесі
7. Волошина Л.Р. Будущий воспитатель и культура здоровья // Дошкольное воспитание -2006- № С.117-122
8. Ақтөбе қаласындағы мектеп балабақшасының тәрбиешісі Қ.Аззатиеваның «Сурет сабагында ТРИЗ-дік әдісті қолдану» бағдарламасы
9. «Отбасы және балабаша», Журнал, 2012ж
10. Воспитание и обучение в средней группе детского сада. Программа и методические рекомендации /сост.М. Б. Зацпина-М.: Мозаика-Синтез,2008-192с.